

Қостанай облысының су объектілерінде су қорғау аймақтары мен белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайларын белгілеу туралы

Қостанай облысы әкімдігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 344 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29029 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Су кодексінің 39, 116, 125-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес Қостанай облысының су объектілерінде су қорғау аймақтары мен белдеулері белгіленсін.

2. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес Қостанай облысының су объектілерінде су қорғау аймақтары мен белдеулерін шаруашылықта пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайлары белгіленсін.

3. Осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес Қостанай облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

4. "Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Қостанай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

6. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі

А. Мухамбетов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрлігі

Санитариялық-эпидемиологиялық

бақылау комитетінің Қостанай

облысының Санитариялық-

эпидемиологиялық бақылау
департаменті" республикалық
мемлекеттік мекемесі
"КЕЛІСІЛДІ"
"Қазақстан Республикасы
Экология, Геология және
табиғи ресурстар министрлігі
Су ресурстары комитетінің
Су ресурстарын пайдалануды
реттеу және қорғау жөніндегі
Тобыл-Торғай бассейндік
инспекциясы" республикалық
мемлекеттік мекемесі

Қостанай
облысы әкімдігінің
2022 жылғы 3 тамыздағы
№ 344 қаулысына
1-қосымша

Қостанай облысының су объектілеріндегі су қорғау аймақтары мен белдеулері

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы әкімдігінің 14.12.2022 № 550 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - Қостанай облысы әкімдігінің 28.03.2023 № 122 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 14.06.2023 № 248 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2023 № 279 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.09.2023 № 403 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.12.2023 № 575 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 22.02.2024 № 76 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.05.2024 № 203 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

№	Су объектісінің атауы	Су қорғау аймағының ені (метр)	Су қорғау белдеуінің ені (метр)
1	2	3	4
1	Тобыл өзені	40–1600	35–100
2	Торғай өзені	500	35–38
3	Обаған өзені	500–900	35–42
Алтынсарин ауданы			

4	Аксуат көлі	500	35
5	Алтыбай көлі	300	35
6	Арчаколь көлі	300	35
7	Докучаевский тоғаны	300	35
8	Жалғызкөл көлі	300	35
9	Железнодорожный тоғаны	300	35
10	Казахский тоғаны	300	35
11	Кирпичный тоғаны	300	35
12	Коллектив тоғаны	300	35
13	Рымское көлі	300	35
14	Сливное көлі	500	35
15	Талы көлі	500	35
16	Теленші көлі	300	35
17	Тойтомар шатқалы	300	35
18	Ұзынкөл көлі	500	35
19	Цыганский Лог тоғаны	300	35
Амангелді ауданы			
20	Ағаштыкөл көлі	500	35
21	Алакөл көлі	300	35
22	Байғабыл өзені	500	35
23	Боқай көлі	500	35
24	Жалдама өзені	500	35
25	Жолқара (Қоғакөл) көлі	300	35
26	Қабырға өзені	500	35
27	Қарасу өзені	500	35
28	Қарынсалды өзені	500	35
29	Мойылды өзені	500	35
30	Өтеміс өзбойы	500	35
31	Сарыөзен өзені	500	35
32	Тасты өзені	500	35
33	Тентексай өзбойы	500	35
34	Үлкенсор өзені	500	35
35	Шакпак өзені	300	35
36	Жабындысор көлі (Шыбындысор)	500	35
Арқалық қаласы			
37	Ақжар су қоймасы	500	35
38	Арқалық қалалық су қоймасы	300	35
39	Ашутасты өзені (Ащытасты)	500	35

40	Бикен көлі	300	35
41	Казахский Жаркөл көлі	500	35
42	Қараторғай өзені	500	35
43	Русский Жаркөл көлі	500	35
44	Сарыөзен су қоймасы	300	35
45	Сарыторғай өзені	500	35
46	Талдыкөл көлі	500	35
47	Тасты өзені	500	35
48	Тасты су қоймасы	300	35
49	Терісаққан өзені	500	35
50	Шошқалы көлі	300	35
50-1	Жосалы өзенінің учаскесі	500	35
Әулікөл ауданы			
51	Атанақ көлі	300	35
52	Бәкенсай көлі	300	35
53	Балықтыкөл көлі	500	35
54	Бидайық (Солдатское) көлі	500	35
55	Дүзбай жайылмалары көлі	300	35
56	Жалтыр (Казачка) тоғаны	300	35
57	Жаркөл көлі	500	35
58	Камышиное көлі	300	35
59	Қараткөл көлі	300	35
60	Кировская балка тоғаны	300	35
61	Кішкенкөл көлі (Диев ауылы шегіндегі учаскені есепке алмағанда)	300	35
62	Диев ауылы шегіндегі Кішкенкөл, Мырзакөл көлдері және Мырзакөл-Қарасу белдемі: Кішкенкөл көлінің учаскесі	70	35
	Мырзакөл көлі саласының учаскесі		
	Мырзакөл-Қарасу белдемінің учаскесі		
63	Көпекті көлі	300	35
64	Кондратьевский тоғаны	300	35
65	Қоскөл көлі	300	35
66	Қоскөл (Пограничное) көлі	300	35
67	Ноғайкөл көлі	300	35

68	Огородный тоғаны	300	35
69	Океан (Аксан) көлі	500	35
70	Перерезное көлі	500	35
71	Ревуль көлі	300	35
72	Сұдукөл көлі	500	35
73	Тастемір көлі	500	35
74	Шағыбай көлі	500	35
75	Шилі көлі	500	35
76	Шұнқыркөл көлі	500	35
77	№ 2 тоған	300	35
Бейімбет Майлин ауданы			
78	Аласор көлі	500	35
79	Аят өзені: Асенкритов ауылдық округіндегі " Варварин" алтынмыс кен орнын әзірлеу жөніндегі тау жұмыстарын жүргізуге арналған № 4, № 5, № 6, № 9 жер учаскелердің шегінде	500	100
80	Аят өзені: Асенкритов ауылдық округінің Николаев ауылындағы № 4 жер учаскесінің шегінде	500	35
81	Аят өзені: № 1 өндірістік алаңы	60–309	35
	№ 2 өндірістік алаңы	320–500	100
82	Қаратомар су қоймасының шегіндегі Аят өзені: "Коктем" дәмханасын пайдалануға және қызмет көрсетуге арналған жер учаскесі	600–700	100
83	Әйет ауылының шекарасындағы Аят өзенінің сол жақ жағалауы	150–500	35; 100
84	Әйет ауылының шекарасындағы Аят өзенінің оң жақ жағалауы	86–600	
85	Қаратомар су қоймасының шегіндегі Аят өзені: Елизаветин ауылының өнеркәсіптік аймағында басы бір миллионға дейінгі бройлерлік құс фабрикасының		100

	құрылысына арналған жер учаскесі	800–1040	
86	Балықты көлі	300	35
87	Үлкен Қайындыкөл көлі	300	35
88	Большое Немецкое көлі	300	35
89	Валерьяновская балка көлі	300	35
90	Глубокий карьері	300	35
91	Жалтыр көлі	300	35
92	Жалтыркөл көлі	300	35
93	Қайранкөл көлі	300	35
94	Қалқаманкөл (Кочковатое) көлі	500	35
95	Қаракөл шатқалы	500	35
96	Қарамсақ көлі	300	35
97	Қарасор көлі	500	35
98	Қарасор көлі (Тұзды)	500	35
99	Қаратомар су қоймасы: "Золотая рыба" туристік базасына қызмет көрсетуге және пайдалануға беруге арналған учаске	750	100
100	Қаратомар су қоймасы: "Дружба" туристік базасының жер учаскесі	1000	60
101	Қаратомар су қоймасы: Набережный ауылдық округіндегі туристік базаға қызмет көрсету мен пайдалануға және демалыс аймағы базасының құрылысына арналған жер учаскесі	1000	64–68
102	Қаратомар су қоймасы: Набережный ауылдық округіндегі "Тогызбай-Агро" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жер учаскесі	800–1000	40–100
103	"Параллель" туристік базасының жер учаскесі шегінде Қаратомар су қоймасының жағалауы	1000	35
104	Кендірлі көлі	500	35
105	Қосжалтыр көлі	300	35
106	Крученая балка тоғаны	300	35

107	Қожай арқалығы тоғаны	500	35
108	Сабынкөл көлі	500	35
109	Саз көлі	500	35
110	Саманкөл көлі	300	35
111	Сапула көлі	300	35
112	Тақсор көлі	500	35
113	Тентексор (Тинтек) көлі	500	35
114	Токтыбайкөл көлі	300	35
115	Тентексор (Тыныксор) көлі	500	35
116	Шағыбай көлі (Большой Жаланаш)	500	35
117	Шөптікөл бөгетшесі тоғаны	300	35
118	№ 1 тоған	300	35
119	№ 3 карьер	300	35
119-1	Б. Танат көлі	300	35
Денисов ауданы			
120	Ақсай тоғаны	300	35
121	Аршалы-Аят өзені: Приречный ауылындағы "Алтай" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің мал шаруашылығы кешенінің өндірістік объектілері	120–210	100
122	Большое Песчаное көлі	300	35
123	Жоғары-Тобыл су қоймасы	500	35
124	Жалтыркөл көлі	300	35
125	Кадалкөл көлі	300	35
126	Қарасай тоғаны	300	35
127	Котюбок тоғаны	300	35
128	Коммунное көлі	300	35
129	Лужок тоғаны	300	35
130	Песчаное көлі	300	35
131	Придорожный тоғаны	300	35
132	Солянка тоғаны	300	35
133	Сухая өзені (оң жағалау)	500	35
134	Сухая өзені (сол жағалау)		
135	Тұңғырықты көлі	300	35
136	"Перелески-2" учаскесінің шөгінді жыныстары кен орны ауданындағы атауы жоқ		35

	жер үсті су объектісінің учаскесі	300	
137	Шұңқыркөл көлі	300	35
137-1	Қамысты-Аят өзені: суарылатын егістік учаскесі шегінде	500	35
137-2	Тобыл өзені ағысының учаскесі	192-210	35
Жангелдин ауданы			
138	Ақкөл көлі	500	35
139	Алакөл көлі	300	35
140	Алакөл шатқалының ағымы	500	35
141	Жамантүз көлі	500	35
142	Қарақамыс көлі	500	35
143	Қарасор көлі	500	35
144	Қыршүмекті көлі	500	35
145	Ойшұмақты көлі	500	35
146	Татыр көлі	500	35
147	Төменсонолы көлі	300	35
148	Ұлқаяқ өзенінің учаскесі	500	35
149	Шортанды өзенінің учаскесі	500	35
150	Шұбалаң көлі	500	35
Жітіқара ауданы			
151	Берсуат өзені	500	35
152	Бородинка тоғаны	300	35
153	Жоғарғы-Шортанды су қоймасы	300	35
154	Двуреченский тоғаны	300	35
155	Желқуар өзені	500	35
156	Қуандыбай көлі	300	35
157	Мүктікөл көлі	300	35
158	Төменгі-Шортанды су қоймасы	300	35
159	№ 3 Плотина көлі	300	35
160	Сарысай тоғаны	300	35
161	Толыбайқопа көлі	500	35
162	Үлкенқопа көлі	500	35
163	Шөптікөл көлі	300	35
164	Шортанды өзені	500	35
164-1	Аты жоқ көл	300	35
Қамысты ауданы			

165	Бердинский жарылғыш шұңқыры	300	35
166	Алтынсарин ауылының шегіндегі № 1 су объектісі	100	35
167	Алтынсарин ауылының шегіндегі № 2 су объектісі	100	35
168	Гайсинская плотина көлі	300	35
169	Жаркөл көлі	500	35
170	Қарасу тоғаны	300	35
171	Кепе көлі	500	35
172	Қояндықопа көлі	500	35
173	Мамыркөл көлі	500	35
174	Талдыкөл көлі	500	35
175	Шағыркөл көлі	500	35
176	№ 3 тоған	300	35
Қарабалық ауданы			
177	Бисаркөл көлі	500	35
178	Үлкен Босаға көлі	500	35
179	Үлкен Қонсүлек көлі	500	35
180	Үлкен Талдыкөл көлі	500	35
181	Бұржақ көлі	500	35
182	Жылтыр Қарабас көлі	500	35
183	Қособа көлі	500	35
184	Кочковатое көлі	300	35
185	Кіші Бөрлі көлі	500	35
186	Сазынбай көлі	500	35
187	Саламат көлі	500	35
188	Сарыкөл көлі	500	35
189	Сасықкөл көлі	500	35
190	Светлое көлі	500	35
191	Сырдақ көлі	500	35
192	Өленді көлі	500	35
193	Үлкен Бөрлі көлі	500	35
194	Шаршылдақ көлі	500	35
195	Шөпті Қарабас көлі	500	35
196	Шұбаркөл көлі	500	35
197	Тоғызак өзені ағысының учаскесі	500	35
198	Тоғызак өзені: Гурьяновское ауылындағы Комсомольская	"	35

	птицефабрика" акционерлік қоғамының өндірістік алаңы	300	
199	Тоғызак өзені: Надеждинка ауылы аумағында орналасқан құрылыс тасы кен орнын әзірлеу	807,5	100
Қарасу ауданы			
200	Алабота көлі	500	35
201	Амангелді тоғаны	300	35
202	Биесойған көлі	500	35
203	№ 10 тоған (Дружба)	300	35
204	Жекекөл көлі	500	35
205	Қарақамыс көлі	500	35
206	Қарасу өзені: Люблин ауылдық округінің Люблин ауылындағы " Люблинка" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жер учаскесінің аумағы	500	35
207	Қойбағар көлі	500	35
208	Теңізкөл көлі	500	35
209	Тонтігер көлі	500	35
210	Шанжара көлі	300	35
211	№ 8 тоған	300	35
212	№ 9 тоған	300	35
213	№ 11 (№ 4) тоған	300	35
Қостанай қаласы			
214	"Аэропорт" шағын ауданы шегіндегі Тарелочка тоғаны	35–150	35
215	Тобыл өзені: Әл-Фараби даңғылы – Набережная көшесі бойындағы 9 және 10 қабатты тұрғын үйлердің құрылыс учаскелері шегінде	70	20*
216	Тобыл өзені: Әл-Фараби даңғылы мен Красный кузнец көшесінің бұрышы мекенжайындағы жабық тұрақ құрылысына арналған учаскенің шегінде	70	20*

217	Тобыл өзені: Набережная көшесі, 12, 14, 26, 30, 32, 43/1, 34/2, 36/2 және Толстой көшесі, 2, 4 мекенжайындағы жеке тұрғын үйлер құрылысына арналған учаскесі	293–320 177–226	20*
218	Тобыл өзені: Амангелді тұрғын алабы мекенжайында орналасқан тұрғын үй шегінде	250–310	20*
219	Тобыл өзені: "Ақ-Шаңырақ" демалыс аймағының шегінде	1000	20*
Қостанай ауданы			
220	Амангелді су қоймасы: Мичурин ауылдық округінің аумағындағы туристік-сауықтыру кешенінің құрылысына арналған учаскесі	520	20*
221	Амангелді су қоймасы: Мичурин ауылдық округінің аумағындағы туристік-сауықтыру кешенінің құрылысына арналған учаскесі	520–580	20*
222	Амангелді су қоймасы: Мичурин ауылдық округінің аумағында туристік коттедж қалашығы және гольф аландарының орналасуы	600–880	100; 20*
223	Балықты көлі	300	35
224	Бегежан көлі	300	35
225	Аты жоқ тоғаны	300	35
226	Аты жоқ көл	300	35
227	Аты жоқ көл	300	35
228	Безымянное көлі	300	35
229	Большой тоғаны	300	35
230	Үлкен Шишікөл көлі	300	35
231	Майкөл шатқалының аумағындағы жарылған шұңқыр	300	35
232	Жамбыл көлі	300	35
233	Жәнібек көлі	500	35

234	Зареченский тоғаны	300	35
235	Келлеровский тоғаны	300	35
236	Кинебайқай көлі	300	35
237	Қойғара көлі	300	35
238	Большое Коровье көлі	300	35
239	Кочковатое көлі	300	35
240	Кошелевское көлі	500	35
241	Қонайкөл көлі	500	35
242	Лелечье көлі	300	35
243	Лысый тоғаны	300	35
244	Кіші Шишікөл көлі	300	35
245	Медет көлі	500	35
246	Молокановский тоғаны	300	35
247	Нечаевский тоғаны	300	35
248	Новый тоғаны	300	35
249	Өтегенкөл көлі	500	35
250	Песчаное көлі	300	35
251	Пристань өзбойы	300	35
252	Русский тоғаны	300	35
253	Рыспай көлі	500	35
254	Садовое тоғаны	300	35
255	Куликовская шұңқырымен қоса Теплое ескі арналы көлі	300	35
256	Тобыл өзені: Мичурин ауылдық округі аумағындағы туристік қызметтердің спорттық-сауықтыру кешені құрылысына арналған учаскенің шегінде	1000	20*
257	Тобыл өзені: Мичурин ауылдық округі аумағындағы "Туристік коттедж қалашығының кешенді қызмет көрсету туристік супермаркеті" объектісінің құрылысына арналған учаскенің шегінде	1000	20*-40
258	Тобыл өзені: Мичурин ауылдық округі аумағындағы ұйықтайтын үйлер және буфеті бар демалыс базасының шегінде	1000	20*

259	Тобыл өзені: Мичурин ауылдық округі аумағындағы демалыс және сервистік қызмет көрсету аймағының, туристерге қызмет көрсетуге арналған жазғы кафесінің шегінде	200–300	20*–60
260	Тобыл өзені: Мичурин ауылдық округі аумағындағы демалыс аймағының жер учаскесі шегіндегі техногендік су айдыны	1000	20*
261	Тойтомар көлі	300	35
262	Ұзынкөл (Түпес) көлі	500	35
263	Ұзынкөл (Байжігіт) көлі	500	35
264	Чистенькое көлі	300	35
265	Белозер ауылдық округінде "Рыбацкое счастье" туристік базасын салуға сұратылған жер учаскесінің аумағындағы Балықты көлі	300	35
266	Үлкен Илюк шатқалы	300	35
267	Шахринка көлі	300	35
267-1	Бірінші көлі	300	35
267-2	Екінші көлі	300	35
Меңдіқара ауданы			
268	Алакөл көлі (шатқалы)	500	35
269	Алакөл көлі	500	35
270	Алқакөл көлі	300	35
271	Араскөл көлі	300	35
272	Балықтыкөл көлі	300	35
273	Аты жоқ көл	300	35
274	Белое көлі	300	35
275	Бестауық көлі	300	35
276	Боровское көлі	500	35
277	Воронья Ляга көлі	300	35
278	Горелое көлі	300	35
279	Жаманке көлі	500	35
280	Жаркөл көлі	500	35
281	Зоново көлі	300	35
282	Каменск-Уральский тоғаны	300	35

283	Қантомар көлі	300	35
284	1-Қарақамыс көлі	500	35
285	Қарақамыс көлі	500	35
286	Қаранғалық тоғаны	300	35
287	Қарасор көлі	500	35
288	Қарасор шатқалы	500	35
289	Қиғанкөл көлі	300	35
290	Кирпичная Элеватор көлі	300	35
291	Кирпичная Элеватор 1 көлі	300	35
292	Кобень көлі	300	35
293	Қоғалы көлі	300	35
294	Лоба көлі	500	35
295	Майбалық көлі	300	35
296	Моромышное көлі	300	35
297	Медет көлі	500	35
298	Мендайсор көлі	300	35
299	Моховое көлі	300	35
300	Пикет тоғаны	300	35
301	Покровский тоғаны № 14	300	35
302	Теңіз көлі	500	35
303	Таскөл көлі	300	35
304	Тютюколь көлі	500	35
305	Тұзкөл көлі	500	35
306	Целинный көлі	300	35
307	Шұмаккөл көлі	500	35
Науырзым ауданы			
308	Мамедовский тоғаны	300	35
309	Сәнкібай көлі	500	35
Сарыкөл ауданы			
310	Ақшакөл (Чистое) көлі	300	35
311	Бозшакөл көлі	500	35
312	Бұршақ тоғаны	300	35
313	Жақсыжаркөл көлі	500	35
314	Қайранкөл көлі (Дедово)	300	35
315	Қаракүлдік көлі	500	35
316	Мантин көлі	300	35
317	Моховое көлі	300	35
318	Сорочинский тоғаны	300	35
319	Сарыкөл көлі	500	35
320	Соленое көлі	300	35
320-1	Бірінші көлі	300	35

320-2	Екінші көлі	300	35
Ұзынкөл ауданы			
321	Акжан (Большое Неклюдово) көлі	500	35
322	Ақпас көлі	300	35
323	Алешкино (Аяғанкөл) көлі	300	35
324	Бабье көлі	500	35
325	Байгулов (Бугровое) көлі	300	35
326	Балықты көлі	500	35
327	Безымянное көлі төгілуімен	300	35
328	Белое көлі	300	35
329	Большое көлі	500	35
330	Большое Песчаное көлі	300	35
331	Үлкен Қоскөл көлі	300	35
332	Үлкен Теріскөл көлі	500	35
333	Бугроватое көлі	300	35
334	Булатово көлі	300	35
335	Вздорное көлі	300	35
336	Гагарино көлі	300	35
337	Глубокое (Бугровое) көлі	300	35
338	Глубокое-2 (Улуколь) көлі	300	35
339	Гренадерское көлі	300	35
340	Долбилово көлі	500	35
341	Долгое көлі	300	35
342	Есеткөл көлі	300	35
343	Жаксы Болған көлі	300	35
344	Жылтырша (Альчибек) көлі	300	35
345	Жаман көлі	500	35
346	Жарқайың көлі	500	35
347	Жаркөл көлі	500	35
348	Жукова көлі	500	35
349	Займище көлі	500	35
350	Измайловское көлі	300	35
351	Итсары көлі	500	35
352	Казенное көлі	300	35
353	Қамыстыкөл көлі	300	35
354	Камышное көлі	300	35
355	Камышовое көлі	300	35
356	Қарақамыс көлі	500	35

357	Қаранкөл көлі	300	35
358	Қарасу өзені төгілуімен	300	35
359	Кленовское көлі	300	35
360	Комендатское көлі	300	35
361	Коробейников (Мыльное) көлі	300	35
362	Кривое көлі	300	35
363	Кругленькое көлі	300	35
364	Куренное көлі	300	35
365	Куриное көлі	500	35
366	Құркөл көлі	500	35
367	Лебязье көлі	300	35
368	Малое Кривое көлі	300	35
369	Мамоново (Большое Мамоново) көлі	300	35
370	Маркино (Большое Маркино) көлі	500	35
371	Моховое көлі	300	35
372	Моховое-2 көлі	300	35
373	Мусино көлі	300	35
374	Өгізбалық көлі	300	35
375	Орлово көлі	300	35
376	Ортакөл көлі	500	35
377	Плоское көлі	300	35
378	Прудок көлі	300	35
379	Пустое көлі	300	35
380	Рассольное көлі	300	35
381	Речное көлі	500	35
382	Саматово көлі	300	35
383	Сарыоба көлі	500	35
384	Сибирское көлі	300	35
385	Сливное көлі	300	35
386	Соболево көлі	300	35
387	Сталерово (Столарево) көлі	300	35
388	Старая Сибирка көлі	300	35
389	Тарыкөл көлі	500	35
390	Татарское көлі	300	35
391	Тоқпанкөл көлі	300	35
392	Тычок көлі	300	35
393	Ұзынкөл көлі	300	35
394	Ұлыкөл көлі	500	35

395	Хохловатое көлі	300	35
396	Чечнево көлі	300	35
397	Шаврино көлі	300	35
398	Шашмурино көлі	300	35
399	Шейхметов (Тересколь) көлі	300	35
400	Шортабулат көлі	300	35
401	Шошқалы көлі	500	35
Федоров ауданы			
402	Бікілек көлі	300	35
403	Аты жоқ көл	300	35
404	Борша-Бескөл көлі	500	35
405	Үлкен Қоскөл көлі	500	35
406	Үлкен Қарақопа көлі	300	35
407	Жаксы Жаркөл көлі	500	35
408	Жаңгіркөл көлі	500	35
409	Жар-Жалтыркөл (Краснянское) көлі	500	35
410	Жеребец (Рыбное) көлі	300	35
411	Жол-Жорған көлі	500	35
412	Үлкен Шандақ көлі	300	35
413	Қарақопа көлі	300	35
414	Лысанов көлі	300	35
415	Кіші Қарақопа көлі	500	35
416	Кіші Қоскөл көлі	300	35
417	Мыңжассор көлі	500	35
418	Окужане көлі	300	35
419	Саут көлі	500	35
420	Светлое көлі	300	35
421	Большое соленое көлі	300	35
422	Соркөл көлі	500	35
423	Токтас көлі	500	35
424	Тұңғыйық көлі	300	35
425	Ұзынкөл көлі	500	35
426	Өленді көлі	500	35
427	Чистый Шандақ көлі	300	35
428	Шошқалы көлі	300	35

Қостанай
облысы әкімдігінің
2022 жылғы 3 тамыздағы
№ 344 қаулысына
2-қосымша

Қостанай облысының су объектілерінде су қорғау аймақтары мен белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайлары

1. Су қорғау белдеуінің шегінде жол берілмейді:

1) су объектілерінің сапалық және гидрологиялық жай-күйін нашарлататын (ластану, қоқыстану, сарқылу) шаруашылық қызметіне немесе өзге де қызметке;

2) су шаруашылығы және су жинайтын құрылысжайлар мен олардың коммуникацияларын, көпірлерді, көпір құрылысжайларын, айлақтарды, порттарды, пирстерді және су көлігі қызметіне байланысты өзге де көліктік инфрақұрылым, кәсіпшілік балық өсіру, балық шаруашылығы технологиялық су айдындары объектілерін, жаңартылатын энергия көздерін (гидродинамикалық су энергиясын) пайдалану объектілерін, сондай-ақ су объектісіндегі рекреациялық аймақтарды қоспағанда, демалыс және (немесе) сауықтыру мақсатындағы ғимараттар мен құрылысжайларды салмай, ғимараттар мен құрылысжайларды салуға және пайдалануға. Осы тармақшаның ережесі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 125-бабының 7-тармағымен және 145-1-бабымен белгіленген талаптарды ескере отырып қолданылады;

3) бау-бақша егуге және саяжай салуға жер учаскелерін беруге;

4) су объектілерінің және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануын болдырмайтын құрылыстармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген қолданыстағы объектілерді пайдалануға;

5) жекелеген учаскелерді шалғындандыруға, егін егуге және ағаш отырғызуға арналған жерлерді өңдеуді қоспағанда, топырақ және өсімдік қабатын бұзатын жұмыстарды жүргізуге (оның ішінде жер жыртуға, мал жаюға, пайдалы қазбаларды өндіруге);

6) шатыр қалашықтарын, көлік құралдары үшін тұрақты тұрақтарды, малдың жазғы жайылым қостарын орналастыруға;

7) пестицидтер мен тыңайтқыштардың барлық түрлерін қолдануға.

2. Су қорғау аймағының шегінде:

1) су объектілерін және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануы мен қоқыстануын болдырмайтын құрылыстармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген жаңа реконструкцияланған объектілерді пайдалануға беруге;

2) ғимараттарға, құрылыстарға, коммуникацияларға және басқа да объектілерге реконструкция жүргізуге, сондай-ақ құрылыс, тереңдету және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, пайдалы қазбалар өндіруге, кәбіл, құбыр және басқа да коммуникацияларды төсеуге, белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органдармен, бассейндік инспекциялармен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен және басқа да мүдделі органдармен келісілген жобасы жоқ бұрғылау, жер қазу және өзге де жұмыстар жүргізуге;

3) тыңайтқыштар, пестицидтер, мұнай өнімдерін сақтайтын қоймаларды, көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету, оларды жуу пункттерін, механикалық шеберханаларды, тұрмыстық және өнеркәсіп қалдықтарын төгетін құрылғыны, аппаратураларды пестицидтермен толтыратын алаңдарды, авиациялық-химиялық жұмыстар жүргізуге арналған ұшу-қону жолақтарын орналастыруға және салуға, сондай-ақ судың сапасына кері әсер ететін басқа да объектілерді орналастыруға;

4) мал шаруашылығы фермалары мен кешендерін, сарқынды су жинағыштарды, сарқынды сумен суарылатын егістіктерді, зираттарды, мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), сондай-ақ жерүсті және жерасты суларының микробпен ластану қаупіне себепші болатын басқа да объектілерді орналастыруға;

5) жүктелім нормасынан асырып мал жаюға, су тоғандарының режимін нашарлататын мал тоғыту мен санитариялық өңдеуге және шаруашылық қызметінің басқа да түрлеріне;

6) су көздеріндегі су кемерінен екі мың метрге жетпейтін қашықтықта орналасқан ауыл шаруашылығы дақылдары мен орман екпелерін пестицидтермен авиациялық өңдеу және авиация арқылы минералдық тыңайтқыштармен қоректендіру тәсілін қолдануға;

7) концентрациясының жол берілетін шегі белгіленбеген пестицидтерді қолдануға, қардың үстіне тыңайтқыш себуге, сондай-ақ залалсыздандырылмаған көң қосылған сарқынды суды және тұрақты хлорорганикалық пестицидтерді тыңайтқыш ретінде пайдалануға жол берілмейді.

Су қорғау аймағында мәжбүрлі санитариялық өңдеу жүргізу қажет болған жағдайда уыттылығы әлсіз және орташа тұрақсыз пестицидтерді қолдануға жол беріледі.

Қостанай
облысы әкімдігінің
2022 жылғы 3 тамыздағы
№ 344 қаулысына
3-қосымша

Қостанай облысы әкімдігінің күші жойылған кейбір қаулыларының тізбесі

1. "Қостанай қаласы аумағында Маяковский көшесіндегі "Наурыз" шағын ауданының құрылысына арналған учаскесінде Тобыл өзенінің су қорғау аймағы мен белдеуін, оларды шаруашылықта пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайларын белгілеу туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2008 жылғы 7 сәуірдегі № 201 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3636 болып тіркелген).

2. "Қостанай ауданы Мичурин ауылдық округі аумағындағы туристік қызметтердің спорттық-сауықтыру кешені құрылысына арналған учаскесінде Тобыл өзенінің су қорғау аймағы мен белдеуін, оларды шаруашылықта пайдаланудың режимі мен ерекше

жағдайларын белгілеу туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2008 жылғы 7 сәуірдегі № 203 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3635 болып тіркелген).

3. "Қостанай ауданы Мичурин ауылдық округі аумағындағы "Туристік коттедж қалашығының кешенді қызмет көрсету туристік супермаркеті" объектісінің құрылысына арналған учаскеде Тобыл өзенінің су қорғау аймағы мен белдеуін, оларды шаруашылықта пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайларын белгілеу туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2008 жылғы 12 мамырдағы № 286 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3637 болып тіркелген).

4. "Қостанай қаласының аумағындағы Воинов Интернационалистов көшесі бойында екі тоғыз қабатты тұрғын үй құрылысына арналған учаскесінде Тобыл өзенінің су қорғау аймағы мен белдеуін, оларды шаруашылықта пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайларын белгілеу туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2008 жылғы 5 маусымдағы № 319 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3643 болып тіркелген).

5. "Объектілердің құрылысына арналған учаскелерде Тобыл өзенінің, Амангелді су қоймасының және Безымянный көлінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін, оларды шаруашылықта пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайларын белгілеу туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2008 жылғы 5 маусымдағы № 320 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3645 болып тіркелген).

6. "Ұзынкөл ауданы Ершов ауылдық округі және Варваровка ауылының аумақтарындағы туристік кешендер құрылысына арналған учаскеде Шошқалы көлінің су қорғау аймағы мен белдеуін, оларды шаруашылықта пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайларын белгілеу туралы" Қостанай облысының әкімдігінің 2008 жылғы 5 маусымдағы № 326 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3644 болып тіркелген).

7. "Объектілердің құрылысына арналған учаскелерде Тобыл өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін, оларды шаруашылықта пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайларын белгілеу туралы" Қостанай облысының әкімдігінің 2008 жылғы 2 қыркүйектегі № 425 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3653 болып тіркелген).

8. "Объектілердің құрылысына арналған учаскелерде Тобыл өзенінің, Амангелді су қоймасының және Тоғұзақ өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін, оларды шаруашылықта пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайларын белгілеу туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2009 жылғы 23 маусымдағы № 233 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3684 болып тіркелген).

9. "Объектілердің құрылысына арналған телімдерде Амангелді су бөгенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін, оларды шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайларын белгілеу туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2010 жылғы 9

наурыздағы № 83 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3710 болып тіркелген).

10. "Золотая рыба" туристік базасына қызмет көрсету және пайдалануға беруге арналған, Бейімбет Майлин ауданында орналасқан телімде Қаратомар су бөгенінің су қорғау аймағы мен белдеуін, оларды шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайларын белгілеу туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2010 жылғы 9 наурыздағы № 93 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3712 болып тіркелген).

11. "Объектілердің құрылысына арналған телімдерде Тобыл өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін, оларды шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайларын белгілеу туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2010 жылғы 9 сәуірдегі № 119 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3717 болып тіркелген).

12. "Объектілердің құрылысына арналған телімдерде Тобыл өзенінің және Обаған өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін, оларды шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайларын белгілеу туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2010 жылғы 20 мамырдағы № 196 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3725 болып тіркелген).

13. "Объектілердің құрылысына арналған телімдерде Тобыл өзенінің және Қызыл-Жар су қоймасының су қорғау аймақтары мен белдеулерін, оларды шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайларын белгілеу туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2010 жылғы 1 маусымдағы № 206 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3726 болып тіркелген).

14. "Қостанай ауданы Садчиков ауылында орналасқан "Садчиковское" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жер учаскелерінің шегіндегі Тобыл өзенінің су қорғау аймағы мен белдеуін, оларды шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайларын белгілеу туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2010 жылғы 23 маусымдағы № 235 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3723 болып тіркелген).

15. "Лисаков қаласының өнеркәсіптік аймағы ауданында орналасқан № 1 өнеркәсіптік кешенінің Тобыл өзені су қорғау аймағы мен белдеуін, оларды шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайларын белгілеу туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2010 жылғы 27 тамыздағы № 327 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3735 болып тіркелген).

